

БІЛІМ ӘЛЕМІ

Шымкент қаласы

Ш.Уәлиханов атындағы №18 жалпы орта білім беретін мектебі

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Жакияева Акмарал Рысқұлбековна



Абай шығармаларын интерпретациялау әдісі

Авторлық бағдарлама

Алматы 2023 ж.

ӨЖ 379
КБЖ 74.262.27
Ж 19



Шымкент қаласы
Ш.Уәлиханов атындағы №18 жалпы орта білім беретін мектебі
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Жакияева Акмарал Рысқұлбековна

— Алматы: «Білім әлемі» редакциясы, 2023. — 40 б.

Пікір берушілер:

Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің оқытушысы, п.ғ.к.,
қауымдастырылған профессор м.а.
Карсыбасва Раиса Канабековна
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің «Педагогика және
психология» кафедрасының кандидаты
Текесбаева Анар

ISBN 978 - 601 - 341 - 501 - 14

Ұсынылып отырған оқулық Білім беруде ақпараттық — коммуникациялық технологияларды қолдану.

Сабақта АКТ-ны қолдану баланың ой-өрісін танымын, сабаққа деген қызығушылығын арттырады.

Қоғамда ақпараттық технологиялар күннен күнге дамып өрістеп келеді. АКТ қолдану арқылы біз сабағымыздың дәстүрлі сабақтардан көптеген айырмашылығы бар екенін және техниканы меңгертеміз, әлемді танытамыз, пән аралық байланыс жасаймыз, жеңілдетеміз.

© Жакияева Акмарал Рысқұлбековна
© ИП «Білім әлемі»

Мазмұны

КІРІСПЕ.

I ТАРАУ

Абай өлеңдерінің орыс және ағылшын тілдеріне тәржімелену ерекшеліктері

II ТАРАУ

Абай қарасөздерінің орыс, ағылшын тілдеріне аударылу сипаты

ҚОРЫТЫНДЫ

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Жұмыстың тақырыбы: Абай өлеңдері мен қара сөздерінің өзге тілдердегі тәржімасы.

Жұмыстың көлемі:

Пайдаланылған әдебиеттер саны:

Жұмыстың құрылымы: жұмыс кіріспеден, екі тараудан және қорытынды бөлімнен тұрады.

Жұмыстың әдістемесі: салыстырмалы талдау әдісі.

Жұмыстың мақсаты мен міндеті: Абай өлеңдері мен қара сөздерінің орыс және ағылшын тілдеріне аударылған шығармаларды зерттеп, зерделеу. Алға қойылған мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттерді шешу көзделді:

- ақынның қоғамдық, адамгершілік, әлеуметтік жағдай, өмір шындығы мен заман шындығын бейнелеудегі шығармашылық тұрғысы мен ұлттық ойлау даралығын тәржімде берілу жолдары;
- ақынның өлеңдері мен қара сөздерінің аудармаларының сапасын саралау;
- аудармадағы жетістіктер мен қателіктерді көрсету;
- түпнұсқа мәтінімен орысша және ағылшынша тәржімелерді қатар салыстыру.

Жұмыстың мазмұны: Абай өлеңдері мен қарасөздерінің және оның орыс, ағылшын тілдеріне аударылған шығармалар арасында ақын стилі мен өзіндік даралығы салыстырма талдау нәтижесінде бағаланды. Жұмыстың бірінші тарауы ақын поэзиясының өзге тілдерге тәржімелену ерекшеліктеріне арналған. Заман бейнесі мен сол заманның адамының бейнесін суреттейтін Абай өлеңдерін орыс және ағылшын тілдеріне аударылу сапасы туралы айтылады.

Жұмыстың екінші тарауы ақын Абайдың адамгершілік, өмір, дін, оқу, ғылым, өнер сияқты мәселелер жайында жазылған қарасөздерінің өзге тілдерге тәржімелену сипаты туралы айтылған. Аудармашылардың жеткен жетістіктері мен жіберген қателіктері мысалдар арқылы көрсетілген.

Ақынның шығармаларын өзге тілдерге аудару барысында тәржімде қазақ ұлттыңа тән сөздерге дұрыс балама табылмай, транслитерация әдісімен аударылған сөздер де кездеседі. Түпнұсқа мәтіні мен тәржіме мәтінінің арасында көркемдік, эстетикалық жағынан сәйкестігі тәржімде сақталуы қажет. Осы бітіру жұмысымызда Абай шығармаларын өзге тілдерге аудару барысында ақын тіліндегі ұлттық бояуды, түпнұсқаның ойын, мән-мағынасын тәржімде